

ӘОЖ 94(4/9)

А.Ж. Боранбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: Boranbaeva.ayman@mail.ru

Иранның түркі династиялары

Түркі тілдес халықтар мен иран тілдес халықтардың тарихи-мәдени байланыстары бір жақты, яғни парсы тілі мен мәдениетінің шығысқа, Орталық Азияға ықпалы түрінде ғана қалып қоймағаны, түркі тілдес халықтардың батысқа көшіп, иран тілдес халықтар тұратын аймақтарға қоныстанып, сол жерлерде билік құрып, олармен тікелей қарым-қатынасқа түсуі секілді бұл байланыстың екінші бір қыры бар. Мақалада Иранның билеген түркі династияларының тарихына қатысты деректер берілген. Мақалада түркі тілдес тайпалардың Орталық Азия мен Иран аумағына таралуы және сондай-ақ Иранның түркі династияларының тарихы қарастырылады.

Түйін сөздер: түркі әулеттері, түркі тайпалары, түркі тілі, Орталық Азия, Иран.

A.Zh. Boranbayeva
Turkic dynasty of Iran

In this article considers the spread of Turkic-speaking tribes in Central Asia and Iran, and also the history of Turkic dynasties of Iran.

Key words: turkic dynasties, turkic tribes, turkic language, Central Asia, Iran.

А.Ж. Боранбаева.
Тюркские династии Ирана

В статье рассматривается распространение тюркоязычных племен на территории Центральной Азии и Ирана, а также история тюркских династий Ирана.

Ключевые слова: тюркские династии, тюркские племена, тюркский язык, Центральная Азия, Иран.

Б.д.д. II ғасырда Орталық Азия аумағына ғұндар келіп, иран тілдес сақ және тохар тайпаларын өз мекендерінен басқа жаққа қоныс аударуға мәжбүр етеді. Б.д. алғашқы ғасырларынан бастап-ақ көшпенді түркі тайпалары Орталық Азия аймағына біртіндеп қоныстана бастайды. Олар, ең алдымен, қазіргі Шығыс Түркістанға қоныстанып, бұл аймақ кейінірек осы түркілердің атымен қазіргі атауына ие болады. Түркілер келгенге дейін бұл жерлерді әртүрлі шығыс иран диалектілерінде сөйлеген сақ-тохар тайпалары мекендеген болатын. Олардың бір бөлігі б.д.д. II ғ. ежелгі Бактрия мен Дрангианаға көшуіне жоғарыда айтылған тарихи жағдайлар себеп болды. Олардың Шығыс Түркістан аймағында қалған бөлігі кейінірек түркілермен ассимиляцияға түсіп, түркі тіліне көше-

ді. Түрік қағанаты билігі тұсында әсіресе, Қарахан мемлекеті билігі тұсында (X ғ. аяғы мен XI ғ. ортасы) Орталық Азияның түркі тілдес тұрғындарының саны біршама өседі [1, 236]. Түркі тілдес көшпенділердің бір бөлігі отырықшылыққа көшіп, жергілікті иран тілдес халықтармен араласа бастайды. Бұл мәдени байланыстардың нәтижесінде көптеген шығыс иран тілдерінде сөйлейтін жергілікті халық олардың тіліне көшеді. Жетісудегі соғды сауда колонияларының тұрғындары алғашқыда түркі тілін меңгеріп, екі тілде қатар сөйлейді. Кейінірек біртіндеп олар толығымен түркі тіліне көшеді. Бұл үдеріс біртіндеп, Ферғана, Шаш аймағы және Қашқадария мен Зеравшан өзені аңғарларына дейін жетті. XIII ғ. Хорезмнің халқы да қос тілді болды. Амударияның төменгі сағасына қо-

ныстанған оғыз, қыпшақ тайпалары отырықшылыққа көше отырып, жергілікті хорезм тілін ығыстырып шығарады. Себебі, хорезм тілінің ғылымға белгілі деректері XIII ғ. кейінгі ғасырларда кездеспейді. Қазіргі кезге дейін Хорезм маңындағы жергілікті өзбек, түркімен говорларында жекелеген хорезм сөздері кездесетіні ғылымда белгілі болып отыр [1, 237; 2, 244]. Иранның шығысқа жатқан аймақтарға (Қиыр Шығыстағы теңіз жағалаулары мен аралдардан тыс жерлер) ирандықтар ислам дінін таратып, онымен бірге парсы тілінің де таралу, қолданылу аясын кеңіткенімен де, бұл үдеріс шығыстан батысқа, солтүстіктен оңтүстікке қоныс аударып, иран тілдерін ығыстырып шығарған түркілердің көшіне тоқтау сала алмады [2, 243 б.].

XI-XII ғ. бастап Орталық Азиядан көшкен түркі тілдес тайпалар Иран таулы қыратының солтүстік-батыс облыстары мен Әзірбайжанға қоныстана бастады. Жаужүрек түркілер батыстағы шекаралық аймақтарға, яғни Византия және Кавказдағы Грузия мен Арменияға көршілес аймақтарға қоныстанып, оларға қарсы діни соғыстар жүргізді немесе мұсылман әлемінің шекарасын христиандардың шапқыншылығынан қорғады [2, 244]. Иранның ең салқын аймақтары болып табылатындықтан, суық жақтан келген түркілерге бұл жақтың ауа-райы жайлы болды. Иранның солтүстік-батыс аймақтары сондай-ақ көшпелі мал шаруашылығы үшін аса қолайлы болды. Мал жайылымы мол жерлерде іздейтін түркілер осы жағына басты назар аударған секілді. Түркі тілі Әзірбайжанның жергілікті иран диалектілерімен араласа бастайды. Жаңа түркі тайпаларының Түркістаннан үсті-үстіне көшіп келулері, әрі жергілікті тұрғындардың түркі тіліне көшуімен Әзірбайжанның түркі тілдес тұрғындарының саны біртіндеп өсе бастайды. Жергілікті азери тілі бірте-бірте ұмытылады. Әрине, жергілікті тұрғындардың аздаған бөлігі өз тілдерін сақтап қалады. Кавказдағы қазіргі заманғы тат, талыш тілдері сол ежелгі иран диалектілерінің жұрнағы болып табылады [(1, 238)].

Түркілер Иран аумағын X ғ. ғасырдың аяғынан бастап жаулап алып, өз биліктерін орнатты, бұл билік аздаған үзілістермен XX ғасырдың 20-жылдарына дейін шамамен 10 ғасырға дейін созылды. Енді осы Иран аумағында билік құрған түркі әулеттеріне жеке-жеке тоқталып өтеміз.

Ғазнауи әулеті (غزنویان). Шығыс Иранда Саманилерден кейін билік құрған әулет. Бұл әулеттің билігі екі кезеңнен тұрады.

1-дәуір. Абдалмалек Саманидің «Алптегин» атты қызметшісі Тохаристанның, кейін Ғазнаның билеушісі болып тағайындалды. Ол қайтыс болғаннан кейін баласы Ысқақ пен оның қыз-

метшісі Балкатегин билікке келеді, алайда бұл мемлекеттің негізін Алптегиннің қызметшісі, әрі күйеу баласы Сабктегин қалайды. Ол Ғазнада мемлекет құрып, осы қала оның астанасы болғандықтан, бұл әулет аты осы қала атымен аталады. Оның баласы Махмұт ержүрек, талантты қолбасшы болды. Ол Самани, Саффари, ал-Буйе, ал-Зиар әулеттерін жеңеді (998-1030 жж.). Махмұт қайтыс болғаннан кейін аз уақыт баласы Масуд билік құрады. Масудтың Салжұқтардан жеңіліп (х.к. 431 ж.), Ғазнадан қашып бара жатқанда қызметшілерінің қолынан қаза табуымен (х.к. 432 ж.), бірінші дәуір аяқталады.

2-дәуір. Бұл дәуір Амир Масудтың әкесінің жауларынан кек алуымен басталады. Осылайша бұл дәуір х.к. 432 жылынан х.к. 582/583 жылына дейін 150 жылға созылды. Ғазнауи әулетінің патшасы Масуд Салжұқтардан жеңілгеннен кейін тек Ауғанстан, Систан мен Үнді өзенінің бойын билеумен ғана шектеледі. Алайда олардың билігінің шеңбері одан әрі тарыла береді. Ғури әулеті бірте-бірте күш алып, Ғазнауи дәуірінің соңғы кезеңінде Хосроу шах пен Бахрамшахтың билігінің соңғы кезеңінде (х.к. 547-555 жж.) олардан астанасы Ғазнаны тартып алды. Лахор қаласы Ғазнауи мемлекетінің жаңа астанасына айналады. Бұл қаланы да х.к. 583 жылы Ғурилер басып алып, Ғазнауи мемлекетінің соңғы патшасын ұстап алып, осы әулеттен шыққан барлық шахзадаларды өлтіріп, Ғазнауи әулеті тарих сахнасынан кетеді [М6. 1253; Д36. 214].

Салжұқтар (سلجوقیان). Бұл әулет 429/1037-700/1300 жылдары Батыс Азияда билік құрды. Бұл әулеттің билік құруы ислам тарихындағы жаңа кезең болып табылады. Бұл әулеттің билікке келуі халифаттың әлсіреуіне тұспа-тұс келді. Ешбір мұсылман патшасы ислам әлемін бір орталыққа бағындыра алмады. Салжұқтар көшпенді түркімен тайпаларынан шықты. Салжұқ патшалары түркімен тайпасының басшысы Салжұқ ибн Нақақтың ұрпақтары болды. Ол Түркістанның хандарының біріне қызмет етті. Қарқин даласынан өзінің тайпасымен Джант қаласы маңына, кейін Бұқараға көшіп барып, сол жерде ислам дінін қабылдайды. Салжұқ, оның балалары мен немерелері Самани патшалары мен Елекхандар (Қарахан әулеті) мен Ғазнауилер арасындағы соғыстарға қатысты. Тоғрыл мен бауыры Джоғри бек ақырындап күш жинап, түркімен тайпаларын бастап, Хорасанға шабуыл жасайды. Ғазнауилерге шабуыл жасап, олардың бірнеше ірі қалаларын өздеріне қаратады. 429/1037 ж. Мервтің мешіттері Джоғри бектің атынан құтба оқып, оны сұлтандардың сұлтаны

деп атайды. Тап осы жағдай нишапурда бауыры Тоғрылға қатысты қайталанды. Көп ұзамай Балх, Горган, Табаристан мен Хорезм де олардың иелігіне өтті. 433-437 жж. аралығында Рей мен Исфаханды жаулап алды. Тоғрыл бек 447/1055ж. Бағдадқа барып, халифтен сұлтан атағын алады. Басқа түркі тайпалары біртіндеп салжұқтарға бағынады. Осылайша Батыс Ауғанстаннан Рим мемлекетінің Кіші Азиядағы иеліктері және Фатимилер халифатының жерлері 470/1077 жылдан бастап бір мемлекеттің қол астына бағындырылды. Салжұқ сұлтандары Тоғрыл бек, Алп Арсалан мен Малекшах осы мемлекетті нығайту жолында маңызды рөл атқарды. Алайда Малекшах қайтыс болғаннан кейін оның ұрпақтары арасында тақ үшін күрес басталып, мемлекет бірнеше бөлікке бөлініп кетеді. Керман, Рим, Ирак, Сирия, Әзірбайжан мен Тохаристанда осы әулеттің өкілдері жеке билік құрды. Олардың жерін шығыста Хорезмшахтар жаулап алды, алайда Кіші Азияда олардың билігі 700/1300 жылға дейін, яғни Осман түркілерінің билігіне дейін жалғасты. Біртұтас Салжұқ мемлекеті 429/1037 жылдан 552/1157 жылға дейін өмір сүрді. Бір тұтас мемлекетті осы әулеттен шыққан төмендегі патшалар басқарды: Рокнаддин Абутолеб Тоғрыл бек Мұхаммад (429/1037 ж.), Абу Шоджа Алп Арсалан Мұхаммад ибн Джоғри бек (455/1072 ж.), Джалаладдин Абулфатх Малекшах ибн Алп Арсалан (465/1072 ж.), Рокнаддин Абул Мозаффар ибн Малекшах (498/1104 ж.), Фиясаддин Абушоджа Мұхаммад ибн Малекшах (498 /1104ж.), Санжар (511/1117 -552/1157 жж.). Салжұқтардың бұл тармағын Хорезмшахтар биліктен тайдырды [М5. 780; Д29, 584].

Атабектер (اتابکان). Салжұқтар билігі мықты әскерге сүйенді. Әскердің билігі құлдардың қолында болды. Еркін адамдар Салжұқтар мемлекетінде жоғары әскери лауазымдар мен алыстағы аймақтарды басқаруға қол жеткізе алмады. Сатып алынып, Салжұқтар сарайына сыйға тартылған құлдар қожайындарының сынағынан өткеннен кейін осы қызметтерге тағайындалды. Салжұқ билеушілерінің әрқайсысының осындай саны көп қызметшілері болды. Олардың басым көпшілігі Дешті Қыпшақтан әкелінген. Салжұқ әмірлері сарай мен әскердің ішкі істерін басқаруды осы құлдарға тапсырды. Қожасының атынан соғыстар жүргізген осы құлдар жас салжұқ ханзадаларының атабегі, яғни тәрбиелеушісі болып тағайындалады да, ақырындап өз тәрбиесіндегі ханзадалардың пайдасы үшін көтеріліс жасайды. Баласы Дақақ атабектікке үміткер болған Татештің құлдарының бірі Тоқтакин баласы өл-

генен кейін Дамаскінің билігін қолына алады. Алеппо мен Мосул атабектері династиясының негізін қалаған Эмададин Занги Сұлтан Малекшах Салжұқтың құлдарының бірінің баласы болды. Әзірбайжан атабектері Ирак салжұқтарының патшасы Сұлтан Масудтың қыпшақ құлдарының бірінің баласы болды. Хорезмшахтардың атасы Ануштакин Сұлтан Малекшахты жуындыратын адам болған. Диярбекр мен Фарстың атабектері болған Ортоқ пен Солғар да Салжұқ әскербасылары болды. Бектакини, Һезараспи мен Құтлық хан да Салжұқтардың құлдығы қызметінен әскерді басқаруға қол жеткізді. Хижраның алтыншы ғасырында Анатолиядан басқа барлық Салжұқ мемлекеттерінің билігін әскербасылары тартып алады. Бұл әскербасылар ерекше династиялар тізбегінің негізін қалады. Бұл династиялардың арасынан Иран аумағында билік құрғандарын ғана қарастырамыз [Д3.972]. *Әзірбайжан Атабектері*. Бұл династия 531-622 ж. аралығында Әзірбайжанда билік құрды. Ирактағы Салжұқ патшасы Сұлтан Масудтың Дешті Қыпшақтан шыққан құлдарының бірі Илдагез оның сарайында бұрын-сонды болмаған дәрежеге, оның әйелінің сіңлісімен бірге Әзірбайжанды бірге билеуге қол жеткізді. Баласы Мұхаммад Әзірбайжаннан басқа Ирактағы Салжұқ мемлекетінің іс жүзіндегі билеушісіне айналды. Әзірбайжанда бауырының өкілі болған Мұхаммадтың бауыры Қызыл Арсалан оның орнын алып, амир-ол-амира атты лақап атқа ие болады. Билікке таласқаны үшін өлтіріліп, оның бауырының екі баласы билікке қол жеткізеді. Бұл династияның өкілдері: 1. Шамсуддин Илдагез (х.к. 531 ж.), 2. Мұхаммад Джахан Пахлаван (х.к. 568 ж.), 3. Қызыл Арсалан Осман (х.к. 581 ж.), 4. Әбубәкір (х.к. 587 ж.), 5. Мозаффараддин Өзбек (х.к. 607-622 ж.). Илдагез Сұлтан Масуд ибн Малекшах Салжұқтың уәзірі сатып алған құлы болды. Оның қабілеті сұлтанға ұнап, оны тәрбиелеп, әскербасылыққа тағайындайды. Саны көп әскермен сұлтанның бұйрығымен Әзірбайжанды шауып, оны жаулап алды да, ары қарай Аран, Моған және Ширванға барды. Ол облыстарды жаулап алып, Тебризге қайтып келеді де, бұл қаланы өз астанасына айналдырады. Масуд сұлтанның бауырының баласы және Илдагездің әйелінің інісі болған Арсалан ибн Тоғрыл мен одан кейін патша болған Сұлтан Масудтың тұсында Ирактың билігі Илдагездің қолына көшеді. 20 жыл билік құрғаннан кейін х.к. 568 ж. қайтыс болады. Бұл династияны Хорезмшахтар биліктен тайдырды [Д3.973]. *Фарстың атабектері немесе Салгорлары*. Олар Фарста х.к. 543-686 жж. билік құрды. Солғар түркімен тайпасы-

ның басшысы болды. Өз тайпасымен Хорасанға көшіп келді, біраз шабу-тонау жорықтарынан кейін Тоғрыл бекке қосылып, оның жанындағы камергер қызметіне қол жеткізді. Оның немерелерінің бірі Сұңқар ибн Мудуд х.к. 543 жылы Фарсты басып алып, бір жарым ғасырға созылған өз әулетінің билігін орнатты. Сәд Атабек Хорезмшахтарға мойынсұнса, Атабек Әбубәкр моңғолдың Готай қаған илханына бағынды да, олардан Құтлық хан атын алады. Фарстың соңғы атабектерінің бәрі Иран илхандарына тәуелді болды және олардың соңғысы Абаш хатун Хулагудің баласына үйленеді. Ұлы акын Сағди Атабек Әбубәкрдің тұсында өмір сүрген. Бұл әулеттен төмендегідей патшалар билік құрды: 1. Сұңқар (х.к. 543 ж.). 2. Занги (х.к. 557 ж.). 3. Токла (х.к. 571 ж.). 4. Сад (х.к. 591 ж.). 5. Әбубәкр (х.к. 623 ж.). 6. Мұхаммад (х.к. 658 ж.). 7. Мұхаммад шах (х.к. 660 ж.). 8. Салжұқ шах (х.к. 660 ж.). 9. Абеш хатун (х.к. 662-686 ж.). Бұл династияны моңғолдар ақырында биліктен тайдырады [ДЗ.974].

Хорезмшахтар (خوارزمشاهیان). Бұл әулет Иранда 628/1127-628/1231жж. билік құрды. Мәлекшах Салжұқ өзінің Нуштәкин атты түркі қызметшілерінің бірін Хорезмді басқаруға тағайындайды да, ол Хорезмшах атын алады. Санжар Салжұқ 490 жылы оның ұлы Құтаддин Мұхаммадты Хорасанға билеуші етіп тағайындайды. Санжар Сұлтан оған риясыз сенгендіктен, ол қайтыс болғаннан кейін оның ұлы Атсызды орнына билеуші етіп тағайындайды. Атсыз осы әулеттен шыққан бірінші тәуелсіз патша болды. Оның күш-қуаты Сырдариядағы Дженд қаласына дейін жетті. Такаш Хорезмшах Рей мен Исфанды өз мемлекетіне қосса, Элаадин Хорезмшах қара қытайлар мен Ғазнави мемлекетінің біраз жерін жаулап алды, алайда Шыңғыс ханнан жеңіліп қалады. Оның ұлы Джалаладдин біраз уақыт моңғолдармен соғысты. Ол қайтыс болғаннан Хорезмшахтар мемлекеті де тарих сахнасынан кетті.

Бұл әулеттен төмендегідей патшалар шыққан: Атсыз, Ил Арсалан, Сұлтан Махмұт, Такаш, Элаадин Мұхаммад, Джалаладдин [М5. 488; Д21, 802].

Моңғол дәуірі (ایلخانیان)). Бұл дәуір Иран тарихында «Илхандар билігі» (654/1220-750/1353 жж.) атымен танымал. Бұл мемлекетті Шыңғыс хан ұрпақтары басқарды. Мөңке қаған заманында Иран Хулагудың қол астында болды. Ол Төлей ұрпақтары құрған биліктің бір тармағы болғандықтан, жергілікті деңгейдегі хан болып саналды да, қағанға бағынышты болды. Сондықтан «илхан», яғни жергілікті хан атымен аталды.

Олар қағанға бағынышты екендіктерін білдіріп, оның билігін мойындап, оған әрқашан құрмет көрсетіп отырды. Иранның барлық моңғол хандары бұл дәстүрді сақтады [Д8. 585]. Бұл дәуір Иран аумағына түркілердің жаңа легінің келуімен сипатталады. Моңғолдар түркі болмаса да, моңғол әскерінің қатарында түркілердің аз болмағаны тарихтан мәлім. Шыңғысхан өзіне бағынышты болған түркі тайпалары арқылы өз әскерінің қатарын толықтырып отырды [3, 117]. Моңғолдардың саны түркілерден аз болғандықтан, әрі олардан мәдениетті де төмен болғандықтан көп ұзамай олардың Түркістан аумағында өз тілдерін ұмытып, түркі тіліне көшіп кеткендері де тарихтан белгілі. Әрине, бұл үдеріс Иран аумағында кешірек көрініс тапты [2, 193].

Темір әулеті (تیموریان). Темір немесе Иранның Гуркандары (771/1369 – 911/1500 жж.). Әмір Темір алып мемлекет құрды. Әмір Темір моңғол руынан шыққанымен де, өзі де, ұрпақтары да түркі тілінде сөйлеген. Ол Мауераннахрдың аумағын бұрын-соңды болмаған жерге дейін жеткізді. Самарқанд Делиден Дамаскіге, Хорезм (Арал) теңізінен Парсы шығанағына дейін созылған алып мемлекеттің астанасына айналды. Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін Османдар, Ал Жалайырлар мен түркімендер өздерінің жоғалтқан жерлерін қайтаруға тырысады. Темір әулеті тағы бір ғасырдай Иранның солтүстігінде билік құрады. Олардың арасында алауыздық өршиді. Дегенмен де Шахрух туыстар арасындағы талас-тартысты жеңіп, мемлекетінің күші мен билігін қорғап қала алды. Алайда ол қайтыс болғаннан кейін мемлекеті бірнеше бөліктерге бөлшектеніп кетеді. Осы жағдай Сефевилер мен Шейбанилердің олардың жерін иеленуіне қолайлы жағдай туғызды.

Темір әулеті төмендегі патшалардан тұрады: Темір (х.к. 771-807жж.), Халил (х.к. 807-812 жж.), Шахрух (х.к. 812-850 жж.), Ұлықбек (х.к. 850-853 жж.), Абду Латиф (х.к. 853-854 жж.), Абдулла (х.к. 854-855 жж.), Абу Саид (х.к. 822-872), Ахмет (х.к. 872-899 жж.), Махмұт (х.к. 899-900 жж.). Бұл мемлекетте х.к. 900 жылынан 911 жылына дейінгі аралықта берекетсіздік жайлап, ақырында Шейбанилер бұл мемлекетті жаулап алады. Темір әулеті дегенмен бірден тарих сахнасынан кете қойған жоқ. Оның әулетінің Бабур басқарған тармағы Үндістанда жаңа мемлекет құрып, бұл мемлекетті еуропалықтар «Ұлы Моғол» мемлекеті деп атады [М5. 409; Д15. 960, 1238].

Ақ қойонлу әулеті (اق قويونلو). Олардың туында да ақ қойдың суреті болған. Абу Насыр Хасанбәйк Аққойунлу құрған династия. Бұл әулет

х.к. 780-908 жж. билік құрды. Оның тұсында бұл династияның билігі Иранның оңтүстігі мен батысына таралды. Осы династияның өкілдері Әзірбайжанда, Кавказда және Диярбақырда билік құрды. Ақырында 920 ж. (х.к.) бұл мемлекетті Хасанбәйктің қызының шөбересі І Исмаил шах Сефеви бытыратып жіберді. Бұл династиядан шыққан танымал патшалар мыналар: 1-Ұзын Хасан атымен танымал Абунасыр Хасанбәйк. 2-Сұлтан Халил. 3-Сұлтан Йақуб. Соңғы патшаның тұсында Сефеви мемлекетін құрудың алғашқы қадамдары жасалды. Йақуб қайтыс болғаннан кейін оның сан көп ұрпақтары, солардың арасында Сұлтан Мурад және Алванд Мирза сияқты танымалдары да бар, олардың барлығы 920 жылға дейін (х.к.) І Исмаил шах Сефевидің бұйрығымен өлтірілді [М5. 44; Д2. 141].

Қара қойонлу әулеті (قرا قویونلو). Олардың байрағында қара қойдың суреті болған. 780/1378 – 874/1469 жж. Иранның солтүстік-батысында және Кіші Азияның шығысында билік құрған түркімен тайпасы. Бұл тайпа монғол шапқыншылығына дейін Хорезм (Арал) теңізі маңын мекендеген тайпалардың бірі болды. VIII ғ. (х.к.) ортасында басқа түркі және монғол тайпалары секілді түркімендер де Илхандар билігі әлсірегенін пайдаланып, билікке қол жеткізді. Олардың арасынан Аққойонлы және Қарақойонлы тайпалары Қос өзен аралығына шапқыншылықты бастайды. Қарақойонлы тайпасы Ван көлінің солтүстігін мекен етеді. Бұл тайпадан шыққан төмендегі төрт патша 63 жыл Иран аумағында билік құрды: Қара Юсуф ибн қара Мұхаммад Йур Монши ибн Байрам ходжа (х.к. 790/1378), Ескендірбәйг ибн Қара Юсуф (х.к. 823/1420), Джаханшах ибн Қара Юсуф (х.к. 841/1437), Хасан Али мирза ибн Джаханшах (х.к. 872/1467 – 874/1469). Соңғы патшаның қайтыс болуымен Қара қойонлы әулетінің билігі тоқтайды [М6. 1446; Д38. 200].

Сефеви әулеті немесе қызылбастар (صفویان) 1736/1148 – 1502/907 ж. Иранда билік құрған әулет. Бұл әулет бастауын сопы шейх Сефиаддин Ардебилден алады. Кейін оның орнын баласы «Шейх шах» атымен танымал Шейх Ибрахим басады. Кіші балас шейх Джонаид оның мұрагері болады. Джонаид Диярбақырға барып, Ұзын Хасан Ақ қойунлының назарына ілігеді. Ол қарындасы Хадидже екеуін үйлендіріп, оның мұридтерін өз жағына шығарады. 100 мың сопы оған қызмет етуге әзір екендіктерін білдіреді. Джонаид Ширваншахпен соғыста қайтыс болады да, оның ұлы шейх Хайдар Ұзын Хасанның жақын адамына айналып, оның қызы Аламшах бегимге үйленеді. Шейх Хасан муридтеріне түр-

кі баскиімін қызыл бас киімге ауыстыруға бұйрық береді. Осы себептен олар қызылбас атанады. Шейх Хейдар да Ширваншах пен Йақубтың арасындағы соғыста қаза табады. Шейх Исмаил осы Шейх Хейдар мен Аламшах бегимнің баласы. Ол әкесінің орнын басып, Ширванды жаулап алғаннан кейін түрікмендерді де жеңіп, 907/1502 жылы Исмаил шах атымен таққа отырады. Одан кейін осы әулеттен он патша билік құрды. Сефеви әулеті іс жүзінде Махмұт Ауғанның көтеріліс жасап, Герат пен Мешхедті алып, Исфаханды басып алғанынан кейін 1135/1722 жылы биліктен айрылды. II Тахмасп пен III Аббас сөз жүзінде ғана патша болды [М5. 1005].

Афшарлар әулеті (افشاریان) 1736 – 1747 жж. Бұл әулеттің билігі Надир шахтың есімімен байланыстырылады. 1726 ж. II Тахмасп Сефеви патшаның қызметіне көшпелі түркі тілдес афшар тайпасынан шыққан қолбасшы Надир хан Афшар келеді. Ол шах Исмаил тұсында Хорасанға көшірілген афшарлар арасында 1688 ж. дүниеге келеді. Шах тарапынан Хорасанға билеуші болып тағайындалып, жігерсіз патшаны басты қарсыласы Фатх Али-хан Қаджарды өлтіруге көндіреді. Көп ұзамай 1726-1730 жж. Надир хан бүкіл Хорасан, Фарс аймақтарын ауғандардан тазартады. 1730 ж. түріктерге шабуыл жасап, Хамадан, Керманшах, Тебриз, Ардебильді алады. 1736 ж. наурыз айында Надир хан құрылтай шақырып, әр түрлі айла-шарғымен Сефеви әулетінен билікті тартып алып, өзі хан сайланады. 1737-1738 жж. ауған тайпаларын бағындырды. Кейін «Ұлы моғолдар» мемлекетінің астанасы Делиді басып алып, олардан Үнді өзенінің батысында жатқан аймақтарды тартып алды. 1740 ж. Бұхар және Хива хандықтарына соғыс ашып, олар өздерінің Надир шахқа бағынышты екендіктерін мойындайды. 1741-1743 жж. Дағыстанға шабуыл жасап, бұл жорық сәтсіз аяқталады. Надир шахтың 1743-1746 жж. аралығындағы Осман империясымен соғысы аса үлкен жетістіктер әкелмеді. Толассыз соғыстар мен ұшы-қиыры жоқ салық халықты әбден қажытады. Биліктен шеттетілген қызылбас әмірлері мен дін өкілдері де оны қолдамады. Ақырында Надир шах 1747 ж. өз шатырында түн ішінде оның билігіне наразы болған ақсүйектердің қолынан қаза табады [4, 202-208].

Қаджарлар әулеті (قاجاریان). Бұл тайпаның атауын монғолдық әскербасы Қаджар ноянға қатыстырылады. Қаджарлар әулеті Қаджар тайпасынан шыққан. Бұл әулет Афшарлар мен Зендтерден кейін Иранды биледі. Қаджарлардың Ашақебаш руынан шыққан рубасыларының бірі Фатх Али хан бен Шахқоли хан II Тахмасп шах-

тың шақыруымен Хорасанға барып, сол жақта өлтіріліп, сол жақта Ходже Раби деген жерде жерленеді. Надир хан бұл тайпаны құртуды көздеді. Олардың рубасы Мұхаммад Хасан хан әкесі Фатх Али хан қайтыс болғанда небәрі 12 жаста болған. Ол Надер билігі тұсында түркімен тайпалары арасында жасырын өмір сүрді. Оқта-текте Горган мен Астарабадқа шабуыл жасап тұрды. Сондай шабуылдардың бірінде оның баласы Аға Мұхаммад хан Надир ханның қолына түсіп қалып, тұтқындармен бірге Хорасанға жіберіледі. Надирдің немере інісі Аделшах оны кестіріп, еркектік қабілетінен айырады. Бірақ көп ұзамай Аға Мұхаммад хан зынданнан қашып шығып, Астарабад облысын жаулап алып, билеп отырған әкесіне барып қосылады. Мұхаммад Хасан хан Карим хан Зендпен соғыста қаза тауып, Карим ханның бұйрығымен Аға Мұхаммад хан Ширазға әкетіледі. Аға Мұхаммад хан бұл кезде 17 жаста болған. Карим хан Зенд қайтыс болған күні ол қала сыртында аң аулап жүреді. Оның өлгенін сенімді адамдары хабарлаған кезде Тегеранға қашып, өзін сол жерде шах етіп жариялайды. Осылайша 1193/1179 ж. Қаджарлар әулетінің билігі басталады. Бұл әулеттен төмендегідей патшалар билік құрған: 1. Аға Мұхаммад хан (1193/1779-1211/1797 ж.). 2. Аға Мұхаммад ханның немере інісі Фатх Али шах (1211/1797 – 1250/1834 ж.). 3. Мұхаммад шах ибн Аббас мирза ибн Фатх Али шах (1250/1834 – 1264/1848 ж.). 4. Насераддин шах ибн Мұхаммад шах (1264/1848 – 1314/1896 ж.). 5. Мозаффараддин шах ибн Насераддин шах (1314/1896 – 1424/1906 ж.). 6. Мұхаммад Али шах ибн Мозаффараддин шах (1424/1906 –

1327/1909 ж.). 7. Ахмад шах Мұхаммад Али шах (1327/1909 – 1344/1925 ж.). Бұл әулеттен шыққан соңғы патша Ахмед шах 1923 ж. іс жүзінде биліктен шеттетілді, дегенмен де бұл әулеттің билігі ресми түрде 1925 ж. жаңа Пехлеви әулетінің билікке келуімен тарих сахнасынан кетеді [4, 215-216; М6. 1414].

Осылайша, түркі әулеттері Иран аумағында аздаған үзілістермен 1037 -1925 жж. аралығында билік құрды. Олар саяси билікке ие болғанымен де, мәдени жағынан үстемдікке қол жеткізе алмады. Парсы тілі сарайдың ресми тілі және әдеби тіл болып қала берді. Тек араб билігі тұсында ғана «2 ғасыр үнсіздікті» басынан кешірген парсы тілі одан кейінгі дәуірлерде өз позициясын қайтадан жоғалтқан жоқ. Дегенмен де түркілермен қоян-қолтық араласу парсы тілінің сөздік қорындағы жүздеген түркі сөздерінің пайда болуына ықпал етті. Түркі тілінен парсы тіліне жүздеген әскери, әкімшілік, тұрмыстық лексика кірді. Қазіргі парсы тілінің сөздік қорында ондаған кірме аң-құс, өсімдік атаулары кездеседі. ХХ ғасырдың 30-жылдары Иранда басталған парсы тілін кірме сөздерден тазарту үдерісі жүздеген түркі сөздерінің қолданыстан шеттетілуіне әкелді. Бұл тілдік саясат Иранда әлі күнге дейін жалғасуда. Дегенмен де әлі де жүздеген түркі сөздері кең қолданысқа ие. Кейбір деректер бойынша Иран халқының үштен бірін құрайтын әзірбайжандар мен түркі тайпалары парсы сөйлеу тіліне түркі сөздерінің кіру үдерісінің тоқтамауының басты себебі болып қала беруде. Бұл үдеріс болашақта да парсы тіліне түркі сөздерінің кіре беруіне ықпал ететін фактор болып қала бермек.

Әдебиеттер

- 1 Оранский И.М. Введение в иранскую филологию. – М.: Наука, 1988.
- 2 Бартольд Б.Б. – Т VI. – М.: Наука, 1966.
- 3 Жәніс Ж.Ж. Орта ғасырлардағы тұрандықтар және Иран (XI-XIV ғ. түркілер билігі тұсындағы Ирандағы діни, саяси және мәдени дамулар). – Түркістан: ХКТУ, 2004.
- 4 История Ирана. Отв. ред. профессор Иванов М.С. – М.: Изд-во МГУ, 1977.
- 5 Moin M. Farhang-e farsi. Dj -5,6. – Tehran: Sefehr, 1375/1996.
- 6 Dehhoda A.A. Logatname-ie Dehhoda. Dj -2, 15, 21, 29, 36. – Tehran: Sirius, 1375/1996.

References

- 1 Oranskii I.M. Vvedenie v iranskuiy filologiyi. – М.: Nauka, 1988.
- 2 Bartold B.B. – T VI. – М.: Nauka, 1966.
- 3 Zhenis Zh. Zh. Ortogasyrlardagy tyrandyktar zhane Iran (XI-XIV g. turkiler biligi tusyndagy Irlandagy dini, saiasi zhane madeni damular). – Turkestan: HQTU, 2004.
- 4 Istoriya Irana. Отв. red. professor Ivanov M.S. – М.: Izd-vo MGU, 1977.
- 5 Moin M. Farhang-e farsi. Dj -5,6. – Tehran: Sefehr, 1375/1996.
- 6 Dehhoda A.A. Logatname-ie Dehhoda. Dj -2, 15, 21, 29, 36. – Tehran: Sirius, 1375/1996.